

31.08.2022

**2022 жылғы 24 тамызда Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарынан сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарын тіркеу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 12-бабының 10) тармақшасына, 45-бабына, 46-бабының 2-тармағына және 82-бабының 1-тармағына сәйкес және Абай, Жетісу және Ұлытау облыстарының сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2022 жылғы 24 тамызда сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары болып:

1) 2017 жылғы 28 маусымда сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының өкілеттік мерзіміне:

Бақытжан Кәкенқаджыұлы Байахметов Абай облысынан,

Амангелді Ғабдылкәрімұлы Толамисов Жетісу облысынан,

Советбек Тұрсынұлы Медебаев Ұлытау облысынан;

2) 2020 жылғы 12 тамызда сайланған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының өкілеттік мерзіміне:

Айнұр Серікпайқызы Арғынбекова Абай облысынан,

Ғалиасқар Төлендіұлы Сарыбаев Жетісу облысынан,

Серік Жаманқұлұлы Шайдаров Ұлытау облысынан тіркелсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының тіркелген депутаттарына тиісті куәлік пен омырауға тағатын белгі тапсырылсын.

**Төраға**

**Н. Әбдіров**

**Хатшы**

**М. Ерман**

Нұр-Сұлтан қаласы,

2022 жылғы 31 тамыз,

№ 58/528